

**6D020500 – филология мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне
іздену үшін ұсынылған Баядилова-Алтыбаева Айнурға Бактығалиевнаның «Тілдің
мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» тақырыбындағы
диссертациялық жұмысына реесми рецензенттің пікірі**

№	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Реесми рецензенттің ұстанымдары
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларга сәйкес болуы	1.1. Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:	Диссертант Баядилова-Алтыбаева Айнур Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» тақырыбындағы зерттеу жұмысы КР Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағыттарына сәйкес жүргізілген:
		1) Диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірі):	1. КР-да білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (КР Үкіметінің 2019 жылғы 27 желтоқсанындағы №988 каулысы); 2. КР-да тіл саясатын дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы (КР Үкіметінің 2023 жылғы 16 казандығы №914 каулысы); 3. «Ұлттық рухани жаңғыру» ұлттық жобасы (КР Үкіметінің 2021 жылғы 12 казандығы №724 каулысы).
		2) Диссертация баска мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауы)	2) Диссертанттың 6D020500 – филология мамандығы аясында жүргізілген жұмысы гуманитарлық бағыт аясындағы мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жоба негізінде орындалған.
		3) Диссертация КР Үкіметі жаңындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	3. Зерттеу жұмысы білім беру мен ғылымды, тіл саясатын даму мен ұлттық рухани жаңғыру бағдарына қатысты мемлекеттік бағдарламаларда көрсетілген басымдыктарға сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі <u>үлесін қосады/коспайды</u> , ал оның маңыздылығы <u>ашылған/ашылмаган</u>	Диссертация тақырыбының өзектілігінің зерттеу мазмұнында жанжақты ашылуы жұмыстың ғылымға өзіндік үлес қосатынын көрсетеді. Ұлт мәдениетінің тілдік бейнесін <i>тіл – адам, тіл – мәдениет</i> сабактастығында анықтауға басымдық беретін антропоөзектік парадигмасын дамытуға <i>тіл – таңба</i>

		<p>сабактастығында қарастырған тілдің таңбасын зерттеу негізінде өзіндік үлес косады.</p> <p>Ұлт болмысының мәдени кодын ашуудагы таным құралы ретіндегі танбаның мәдени және тілдік қызметтің тілдік және концептуалдық бейнесін кешенді зерттеудің өзектілігі ерекше. Осы тұргыдан ұлт болмысын айқындастырып тілдің мәдениетті трансляциялаушы таңбалық жүйенің тіл мен мәдениет сабактастығындағы қызметтің кешенді зерттеу лингвосемиотика, лингвомәдениеттану, социолингвистика т.б. салаларда жаңа денгейге көтеруге септігін тигізеді. Тіл мен мәдениетті акпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесін «трансляция», «мәдени құрал», «тілдік код – мәдени код – ұлттық код» ұғымдары арқылы және олардың тарихи дамуын, қазіргі заманға бейімделуін көне түркі жазуындағы руникалық таңбалар мен рулық таңбалардың бірегейлік үдерісін сипаттау арқылы зерттеудің маңыздылығы ашылады.</p>	
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу денгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>A. Баядилова-Алтыбаеваның диссертациясы зерттеу жұмысы жоғары денгейдегі дербестігімен сипатталады: Біріншіден, әртүрлі тарихи, руникалық және рухани-мәдени көздерден жинақталған мол деректер зерттеу тұғырының негізділігін және дербестігін дәйектейді. Автор тіл-мәдениет сабактастығына негізделген таңбалану жүйесі сакрализация, символдау, метафора, т.б. үдерістер мен руника жазуы мен ру таңбаларының негізінде мәдени кодты анықтаушы және таратушы ретінде дәлелдейді. Диссиденттің өзі жазу денгейі тіл біліміндегі дәстүрлі салыстыру, сипаттау, талдау әдістерімен бірге палеография, семиотика, графика, бейнелеу өнері, этнология т.б. салалардың мәліметтерін, шежірелердегі, тарихи жазбалардағы, ру таңбаларындағы архетиптерді сипаттаған кестелерінен де көрінеді.</p>

4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1. Диссертация өзектілігін негіздеңесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>негізделген</u>; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген 	<p>Диссертациялық жұмыстың өзектілігі толығымен негізделген:</p> <p>Тілдің таңбалық жүйесі арқылы мәдениетті тасымалдау мен әлеуметтік-мәдени өзгерістерді бейнелеу қызметін зерттеуге катысты белгіленген диссертацияның мақсатына орай төмөндегі міндеттердің қарастырылуы диссертацияның өзектілігін негіздейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> – тіл мен мәдениетті ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі; трансляция, мәдени құрал, тілдік код, мәдени код, ұлттық код сиякты ұғымдарға зерттеу тақырыбына катысты түсінкеме беру; тілдік таңбалардың мәдениетпен өзара байланысын, тарихи дамуын және қазіргі заманга сай өзгеріп бейімделуін зерттеу; көне түркі жазуы мен руникалық таңбалар сабактастығын ру таңбалары негізінде сипаттау; мәдениетті танытудың құралы екендігін таңбаларды талдай эксперимент өткізу.
		<p>4.2. Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындауды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) <u>айқындауды</u>; 2) жартылай айқындауды; 3) айқындаамайды. 	<p>А.Б. Баядилова-Алтыбаеваның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» тақырыбындағы диссертациясының екі бөлімнен, корытынды, пайдаланған әдебиеттер тізімі мен 17 қосымшадан (А, Ә, Б, В, Г, F, D, E, Ѓ, Ж, З, И, Й, К, Қ, Л, М) тұратын құрылымы зерттеу жұмысының мазмұны белгіленген тақырыпқа сай екенін көрсетеді.</p> <p>Диссертацияның бірінші бөлімінде таңбалар жүйесінің тілдік әлеммен байланысты ғалымдардың пікір-тұжырымдары сарапталып, сипатталады.</p> <p>Тілдің тұрақтылығы мен мәңгілік сипатынан туындағыны «тілдік мәдени код» ұғымы тіл мен мәдениет бірлігі негізінде тасымалдаушы құрал ретінде ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесінде талқыланады. Бұл арада тілдің қызметі тек ойды жеткізу құралы емес, мәдениетті қалыптастыруы, оның қоғамдық-әлеуметтік, геосаяси т.б.</p>

		<p>кызметтерінің аясында кешенді анықталады. Соның нәтижесінде «тіл – мәдениеттің коды» деген тұжырым дәйектеледі.</p> <p>Екінші бөлімде «тілдің ұлттық мәдениетті таратушы таңбалар құралы» екендігі тілдің ұлттық мәдени кодты сактаушы және оны үрпактан үрпакка жеткізуші қызметіне негізделіп айқындалады. Осылаймен байланысты руникалық жазу мен ру таңбаларына тарихи-салыстырмалы талдау жүргізіліп, символдық мәні анықталады.</p> <p>Сонымен бірге, жаһандану дәүірінде ұлттық бірегейлікті сактап, мәдени мұраны таныту үшін брендтік логотиптер, ұлттық символдар, жазулар мен бейнелердің заманауи бейімделген киім үлгілеріндегі бейнелері заманауи мәдениеттің талабына сай таратылып, семиотикалық қеңістікке еніп, ұлттың рухани коды, тарихи жады мен дүниетанымның көрінісі ретінде дәлелденеді.</p> <p>Бұл тұжырымдар жазу, мәдениет тарихына қатысты С. Аманжолов, А.С.Аманжолов, О. Сүлейменов, С.Е.Малов, т.б. еңбектері сарапталып, символдық жүйеге қатысты өрнектердің (аспан әлеміне, малға, андарга, құстарга, қару-жараққа, геометриялық пішіндерге т.б.); рулық таңбалардың сабактастыры мен тілдік сипатының негізінде (архетиптер – «Ағаш» бейнесі, жануарлар – «Қасқыр» бейнесі т.б., тарихи шежірелер, жазбалар т.б.) және кестелер (1, 2, 3, 4, 5, т.б.) мен сауалнама өткізу арқылы айқындалып, таңбалар мен жазулардың мәдениетті танытудың заманауи құралы екендігі көрсетілген.</p>
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) <u>сәйкес келеді;</u> 2) жартылай сәйкес келеді;	<p>Тілдің таңбалық сипатын зерттеу барысын талдау нәтижесі диссертациялық жұмыстың негізгі мақсаты мен оны жүзеге асыруши міндеттерінің диссертация тақырыбымен толық сәйкес келетінін көрсетеді. Диссертациялық жұмыстың тілдің таңбалық жүйесін мәдениетті</p>

		<p>3) сәйкес келмейді.</p>	<p>таратушы құрал ретінде анықтау мақсатын жүзеге асыру үшін белгіленген міндеттер тіл мен мәдениеттің, көне түркі жазуындағы руникалық таңбалар мен ру таңбалары сабактастығын, заманға сай өзгерістерге бейімделуін кешенді зерттеу таңбалардың мәдениетті танытудың, тасымалдаудың құралы екендігін дәлелдеуі диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді.</p>
		<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылышы логикалық байланысқан:</p> <p>1) <u>тольық байланысқан;</u></p> <p>2) жартылай байланысқан;</p> <p>3) байланыс жок.</p>	<p>Диссертацияның мазмұны сипатталған екі бөлім және олардың құрылымын аштын бөлімшелер жұмыс мақсатына сәйкес өзара логикалық жүйеде байланысқан. Әр бөлімнің соңында талқылау нәтижелері түйінделіп отырады. Зерттеу барысында кол жеткен ғылыми нәтижелер, такырыпка қатысты келтірілген ғылыми-талдамалық ой-пікірлер ізденушінің диссертацияда жасаған түйіні және корытындысымен сабактасады. Жасалған түйіндердің бір-біріне жалғасып, туындалап отыруы зерттеудің біртұастығы негізіндегі корытындыға экелген.</p>
		<p>4.5. Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) <u>сыни талдау бар;</u></p> <p>2) талдау жартылай жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген.</p>	<p>Автор қазак тілі мен мәдениеті сабактастығында қалыптасқан таңбалық жүйенің коммуникативтік және кумулятивтік қызметін зерттеу барысын антропоөзектік парадигманың аясында кешенді қарастырады. Ол үшін семиотика, лингвомәдениеттану, этнолингвистика, жазу тарихы, палеография, этнография т.б. салаларға қатысты ғалымдардың еңбектеріне ғылыми-әдістемелік негіз ретінде сүйене отырып, қазак халқының этномәдениетінде, рулық таңбаларында сакталған мәдениет көріністерінің тілдік танба ретінде көне түркі (руникалық) жазуларымен сабактастығына назар аударып, бұл арадағы тілдің тасымалдаудың үдерісіндегі коммуникативтік қызметін түсіндіруді мақсат етеді. Демек, бұл жұмыс таңбалық жүйенің қызметіндегі тілдің мәніне ерекше назар аударумен ерекшеленеді. Осы</p>

			<p>мәселеге (тіл – таңба, тіл – таным) қатысты С.Аманжолов, Н.А. Аристов, М.Қожанов, О. Сүлейменов, А. Мектеп тегі, М. Қожанов т.б. ғалымдардың тұжырымдарына сыни, динамикалық тұрғыдан қарап, тіл білімінің интеграциялық сипаттагы жаңа бағыттар негізінде жалғастырады. Осымен байланысты өзіндік талдау нәтижелерін зерттеу нысанына қатысты деректеріне сүйеніп (сауалнама, кестелер) ұсынады. Оған дәйек ретінде тілде сақталған тілдік бірліктер сипатталады:</p> <p>1) Өсімдік (Бәйтерек т.б.), жануарлар (қасқыр т.б.), прецеденттік атаулар, фразеологиялық, паремиологиялық жүйеде көрініс тапқан архетиптер мен т.б. таңбалар (69-101 б.).</p>
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	<p>5.1. Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа болып табылады;</u></p> <p>2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады);</p> <p>3) жана емес (25% кем жаңа болып табылады).</p>	<p>Диссертацияның нәтижелері мен қағидаттары 75% жаңа болып табылады. Біріншіден, руникалық таңбалар, рулық таңбалар, символдар, жазу т.б. мәдениетті дамыту және тарату қызметі барысында тілдік мәдени кодты, ягни ұлттық кодты қалыптастырады.</p> <p>Екіншіден, осымен байланысты тіл мен таңбалар жүйесінің өзара байланысын және олардың ұлттық мәдениетті танытудағы орнын жаңаша қырынан қарастырады:</p> <p>1. Көне түркі жазуы мен рулық таңбалар арасындағы байланыс алғаш рет кешенді лингвистикалық тұрғыда қарастырылған;</p> <p>2. Таңбалардың ұлттық сәйкестілік қалыптастыруға қатысты олардың семиотикалық маңызы кешенді сипатталды. Осыған орай казак жастарының рулық таңбаларды киімдерінде, көліктерінде, т.б. тұрмыстық заттарында қолданылуын мәдени жанғырудың белгісі және тасымалдануының құралы деп назар аударып, сауалнама арқылы талдауын да жаңаша сипат деп бағалаймыз.</p> <p>3. Қазақ рулық таңбаларының тілдік таңбалармен дыбыстық-мағыналық сәйкестіктерін, олардың руникалық жазумен сабактастығын айқындастырып</p>

		<p>этнолингвистикалық, лингвомәдени, лингвосемиотикалық зерттеулер зерттеу нысанына сәйкес кестелерде сипатталған. Әрине, бұл жұмыстың терең тарихи-онтологиялық бағыты болашақ зерттеулердің болжамын бағдарлайды.</p>
		<p>5.2. Диссертацияның корытындылары жаңа болып табыла ма?</p> <p>1) <u>толығымен жаңа;</u> 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады).</p> <p>Ізденуші тарарапынан жүргізілген гылыми-зерттеу жұмысы барысында теориялық және практикалық маңызы бар төмөндегідей нәтижелер негізінде зерттеу жұмысы бойынша корытынды жасалған:</p> <p>Бірінші корытынды жаңа болып табылады. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, қазақ тіл білімінде тіл мен мәдениеттің байланысы, тіл арқылы ұлт болмысын танытуға байланысты лингвомәдениеттанымдық, этнолингвистикалық т.б. зерттеулер өріс алуда. Бірақ таңбалық жүйенің мәдениетті сактау, таныту, жаңғыру және тасымалдау үдерісіндегі тілдің мәні мен ерекше қызметіне назар аудару зерттеу корытындысында маңызды орын алады.</p> <p>Екінші корытынды – жаңа қазақ тіл білімінде антропоөзектік бағытқа, когнитивтік зерттеулерде көрініс тауып жатқан тілді қоғамдағы коммуникативтік, танымдық қызмет құралы ғана емес, мәдениеттің жиынтығынан құралған «ғаламның бейнесін» танудағы ақпараттық-семиотикалық таңбалар жүйесі аясында түсіндіру, сайып келгенде, тақырыпқа сай қоғамда таным көкжиегін кеңейтетін өріс деп санаймыз.</p> <p>Ушінші қорытынды – жаңа. Қазақ әлемі жайында терең мәліметтерді бойына астарлаған ұлттық мәдени код өз қызметінде тілдік кодқа ұласып, сайып келгенде, тілдің кумулятивтік қызметіне негізделген <i>тіл-мәдениет</i> сабактастығын түзеді.</p> <p>Төртінші қорытынды – жаңа. «Қазіргі қазақ қоғамында таңбалардың қайта жаңғыруы – ұлттық сана мен рухани жаңғырудың, қазіргі заманғы тіл тұтынушының әлеуметтік</p>

			коммуникативтік мәдениетіне ықпал етуші транслятор» деп бағалауы зерттеудің тақырыбын ашып, казіргі көгамдағы кездесіп калатын келенсіз жайтарға («тобырлық мәдениет» т.б. өкілдері) төл мәдениетімізді танытуарқылы тоскауыл коятын дәлелдерді ұсынады.
		5.3. Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жана және негізделген бе? 1) толығымен жана; 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады).	Диссертациялық жұмыс мазмұны заманауи ғылымның даму бағыттарының техникалық, экономикалық, технологиялық немесе басқару шешімдеріне сай толығымен жана саналады және негізделген (сайт, портал, сауалнама, киім үлгілеріндегі танба көріністерінің жарнамасын түсіндіру, эксперимент т.б. әдістер).
6.	Негізгі корытындылардың негізділігі	Барлық корытындылар ғылыми тұрғыдан караганда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/ негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Заманауи лингвистиканың жана бағыттарын сипаттайтын жан-жакты ғылыми-әдістемелік негіз, тақырыптың жұмыс мазмұнында мақсаты мен міндеттері арқылы ашылуы, мол деректерге сүйеніп, эксперимент арқылы дәйектелген. Мәліметтерді талдау нәтижесінде ұсынылған тұжырымдары зерттеу корытындыларын толық негіздейді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұраптарға жауап беру кажет: 7.1. Қағидат дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u> ; 2) шамалап дәлелденбеді; 3) дәлелденбеді. 7.2. Тривиалды ма? 1) иә; 2) <u>жоқ</u> ; 7.3. Жана ма? 1) <u>иә</u> ; 2) жоқ; 7.4. Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кен;	Диссертацияда қорғауға 4 тұжырым ұсынылған: Бірінші тұжырым: «Тіл – мәдениетті таратудың ең маңызды құралы, рухани байлыкты трансляциялаушы»: 7.1. дәлелденген 7.2. жоқ, тривиалды емес 7.3. жана; 7.4. кен;

		7.5. Макалада дәлелденген бе? 1) <u>иә</u> ; 2) жок;	7.5. иә.
			Екінші тұжырым: «Тіл мен мәдениет – ақпараттық-семиотикалық танбалар»: 7.1. дәлелденген; 7.2. жок, тривиалды емес; 7.3. иә, жана; 7.4. кен; 7.5. иә, макалаларда дәлелденген; Үшінші тұжырым: «Тілдік код пен мәдени код – тарихи өзара сабактас»: 7.1. дәлелденген; 7.2. жок, тривиалды емес; 7.3. иә, жана; 7.4. кен; 7.5. иә, макалаларда дәлелденген; Төртінші тұжырым: «Қазіргі казак қоғамында танбалардың кайта жаңғыруы – ұлттық сана мен мәдени жаңғырудың бір көрінісі және қазіргі заманғы әлеуметтік-коммуникативтік мәдениеттің трансляторы»: 7.1. дәлелденген; 7.2. жок, тривиалды емес; 7.3. иә, жана; 7.4. кен; 7.5. иә, макалаларда дәлелденген;
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1. Әдістеменің тандауы негізделген немесе әдіснама нақты сипатталған: 1) иә; 2) жок;	Зерттеудің ғылыми-әдіснамалық негізі лингвосемиотика, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, түркітану, жазу теориясы салаларындағы танба мен тіл, танба мен мәдениет т.б. сабактастықтағы тіл арқылы мәдениетті тарататын тіл мен мәдениеттің біртұастығын ғаламның тілдік бейнесінде зерттейтін ғалымдардың тұжырымдарымен негізделген. Талдау әдістемесінің «жүйелілік», «антропоөзектік» және «сабактастық» сияқты жалпы-философиялық ғылыми негізіне сәйкес тіл тұтынушылар санасында тарихи-мәдени, әлеуметтік-экономикалық ортандың ықпалына сайдамитын танбаланушы жүйе ретінде сипатталған.
		8.2. Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері ғылыми зерттеулерде калыптаскан әдістер арқылы (сипаттамалы, салыстырмалы т.б.)

	<p>технологияларды колдану арқылы ғылыми зерттеулердің көзінде заманы адістері мен деректердің ондау және интерпретациялау адістемелерін пайдалана отырып алғынған:</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) <u>жок;</u></p>	<p>ондау, талданған. Сонымен катар, заманауи ғылыми зерттеулердің көзінде заманы адістері мен деректердің ондау және интерпретациялау адісі пайдаланылған. Зерттеу барысында жинақталған мәтіннөмектер сауланама жүргізу адісі, ассоциативтік эксперимент, таңдалған респонденттер аудиториясында https://docs.google.com/ платформасын пайдалану, бренд, логотиптердің суреттерін ондау, флешмоб ұйымдастыру, жазу мен графикалық кескіндерді, жарнамаларды түсіндіру негізінде ондаған.</p>
	<p>8.3. Теориялық корытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылыктар. Эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденді):</p> <p>1) <u>иә;</u> 2) <u>жок;</u></p>	<p>Зерттеу барысында жасалған корытындылар, модельдер, такырыптық топтарты анықталған. Заңдылыктар мен ассоциативтік байланыстар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген, косымшалармен расталған.</p>
	<p>8.4. Манызды малімдемелер накты және сенімді ғылыми адебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u>; ішінара расталған; расталмаган.</p>	<p>Зерттеу жұмысында көптеген материалдар осы зерттеуге дейінгі ғылыми жетістіктер көрініс тапкан ғылыми адебиеттерге және философиялық, алеуметтанымдық, тарихи-мәдени, лингвосемиотикалық зерттеулердің тұжырымдарына сілтеме жасалу арқылы расталған.</p>
	<p>8.5. Пайдаланған адебиеттер тізімі адеби шолуға <u>жеткілікті</u>; жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертацияда пайдаланылған адебиеттер саны – 122. Тілдің таңбалық жүйесі арқылы мәдениетті тасымалдау қызметін ашу үшін және тіл мен мәдениетті акпараттық таңбалау жүйесі деп тану үшін көрсетілген ғылыми-адістемелік</p>

			енбектердің жұмыс тақырыбына тікелей қатысы бар және жеткілікті.
9.	Практикалық құндылық принципі	9.1. Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) <u>иә;</u> 2) жок;	Тіл арқылы ұлт болмысын ашуға бағытталған қазіргі қазақ біліміндегі антропоөзектік парадигманың, соның ішінде семиотиканың <i>адам – тіл – мәдениет – сана сиякты сабактастығының</i> аясын көнектіп, <i>таңба, символ</i> сиякты белгілердің бір-бірінен айырмасына токталуы, лингвосемиотикалық, лингвомәдени, лингвоәлеуметтік қырларын ашуға өзіндік теориялық үлес қосады.
		9.2. Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада колдану мүмкіндігі жоғары: 1) <u>иә;</u> 2) жок;	Алынған нәтижелер мен ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды мәдениаралық коммуникацияда, тарихи-танымдық дәрістерде, оқыту, тіл үйрету жүйесінде, лексикографиялық тәжірибеде, энциклопедиялар мен ұлттық корпустың ішкорпус тұзуде, лингвомәдени, лингвоелтаннымдық курстарды оқытуда т.б. зерттеулер жүргізуде колдану мүмкіншілігі жоғары.
10.	Жазу және рәсімдеу сапасы	9.3. Практикалық ұсыныстар жана болып табылады ма: 1) <u>толығымен жана;</u> 2) жартылай жана (25-75% жана болып табылады); 3) жана емес (25% кем жана болып табылады).	Практикалық ұсыныстар тіл тұтынуши санасында ұлт болмысын қалыптастыратын төл тарихын зерделеу мен төл мәдениеті мен құндылықтарын тануға, рухани жаңғыру мен тұлғалық қалпына ықпал етуімен маңызды. Тіл мен танбаның сабактастығының тілдік көріністерін (фразеологиялық, паремиологиялық т.б.) лингвомәдени семантикасын ашу да жұмыстың жаңалығын сипаттайты.

Баядилова-Алтыбаева Айнурас Бактығалиевнаның «Тілдің мәдениетті трансляциялаудағы таңбалық сипаты» тақырыбындағы диссертациясы 6D020500 – филология мамандығы бойынша (PhD) философия докторы академиялық дәрежесін алуға лайық деп санаймыз.

Ресми рецензент –

А. Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымының докторы,
профессор



Ж.А. Манкеева

(аты-жөн)
қолын куаландырамын
«А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі
институты» РМК Персоналды басқару,
күжаттамамен қамтамасыз ету және
бекылдау белгімі
«12» 20.06.2015 ж.